

Дін және терроризм: Жалған сенімдерге қарсы күрес

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.06.2025

СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/180329/

Автор: Ағажан Алан Алқабекұлы

Жетекші: Кантарбаева Жанна Уринбасаровна

Қазіргі заман қоғамында дін адам өмірінің маңызды рухани тірегінің бірі болып қалуда.

Ол адамды жақсылыққа, ізгілікке, әділет пен кешірімге тәрбиелейді. Алайда соңғы онжылдықтарда діннің шынайы мәнін бұрмалап, оны саяси немесе идеологиялық мақсаттарға пайдаланатын экстремистік күштер көбейді. Терроризм мен дінді байланыстыру – қауіпті және жаңсақ ұстаным. Себебі шынайы діннің ешқайсысы зорлық-зомбылықты, кісі өлтіруді немесе адамдарды қорлауды ақтамайды. Бұл мақалада дін мен терроризмнің арақатынасы, жалған сенімдердің пайда болу себептері және оларға қарсы күрес жолдары қарастырылады. Барлық әлемдік діндер – ислам, христиандық, иудаизм, буддизм – адам баласын татулық пен бейбіт өмірге үндейді. Мысалы, Құран Кәрімде: «Кім бір адамды өлтірсе, барша адамзатты өлтіргенмен тең» (Мәида сүресі, 32-аят) деп жазылған. Бұл – исламның зорлық-зомбылыққа қарсы екенін айқын көрсетеді. Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) өз өмірінде сабыр мен кешірімділікті насихаттаған. Сол сияқты христиандықта да «Көршіңді өзіңдей сүй» деген өсиет бар. Яғни шынайы діндер ешқашан қан төгуді қолдамайды. Терроризм – бұл көбінесе саяси, әлеуметтік немесе экономикалық дағдарыстардан туындайтын құбылыс. Террористік ұйымдар өз әрекеттерін діни уәждермен бүркемелегенімен, олардың мақсаттары көбінесе билікке жету, қорқыныш пен хаос тудыру болып табылады. Олар қарапайым халықтың дінге деген сенімін пайдаланып, өздеріне жақтастар тартуға тырысады. Осындай топтар жастардың білімсіздігін, әлеуметтік жағдайының төмендігін, рухани ізденістерін оңай пайдалана алады.

Жалған сенімдердің қалыптасу себептері

Жалған діни түсініктердің таралуына бірнеше фактор әсер етеді:

1. Білімсіздік және діни сауатсыздық – жастар діни негіздермен толық таныспаған жағдайда радикалды идеяларға оңай сенеді.

2. Интернет пен әлеуметтік желілердегі экстремистік насихат – жалған ақпаратты шынайыдай етіп көрсету арқылы сананы улайды.

3. Отбасылық және әлеуметтік қолдаудың болмауы – жалғыз қалған немесе қоғамнан шеттетілген жастар діни секталарға бейім болады.

4. Саяси тұрақсыздық пен әділетсіздік – осындай жағдайда кейбір адамдар экстремистік топтардан әділдік іздейді.

Дін мен терроризм – бір-біріне қарама-қайшы ұғымдар. Террористік әрекеттердің діни сипатпен бүркемеленуі – адамдарды шатастырудың бір тәсілі ғана. Шынайы дін – мейірімділік пен әділеттілікті ту етеді. Сондықтан қоғам болып жалған сенімдерге қарсы бірігіп күресу – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Бұл жолда діни сауаттылықты арттыру, экстремизмнің алдын алу және жастарға дұрыс бағыт беру – қауіпсіз әрі бейбіт қоғам құрудың кепілі болмақ.

ҚМ АА Қуәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.